

«Парасат» орденімен марапатталды

Жәңгір хан университетінің «Құрылыс материалдары және технологиялар» ғылыми-зерттеу зертханасының жетекшісі, техника ғылымдарының докторы, профессор Сәрсенбек Монтаев ғылым қызметкерлері күніне орай Мемлекет басшысының қолынан «Парасат» орденін алды.

Елорда төрінде болған марапаттау кешінде сөз алған Сәрсенбек Әлиақбарұлы қазіргі уақытта мемлекет тарапынан ғылым саласына және инновациялық жобаларға айрықша мән беріліп жатқанын атап өтіп, алдағы уақытта да отандық ғылымның әлеуетін көтеруге өз үлесін қосудан күш-жігерін аямайтынын жеткізді. – Әсіресе, ғылымның жетістіктерін коммерцияландыру және өндіріске енгізу толық үдеріс алып келе жатқаны қуантады. Бұл өз кезегінде еліміздің экономикасының дамуына сеп-

тігін тигізері сөзсіз. Сонымен қатар мемлекет жас ғалымдарды қолдау мақсатында оларға арнайы гранттар бөлуде. Нәтижесінде ғылым саласына жастардың қызығушылығы артуда, – деді білікті ғалым.

«Болашақ» халықаралық бағдарламасының түлегі, көрнекті ғалым Сәрсенбек Монтаев Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде 2005 жылдан бері қызмет атқарып келеді. Сондай-ақ ол – әлемнің ең беделді ғалымдарының тізіміне енген қазақстандықтардың бірі.



Қытай елшілігі өкілдері БҚАТУ-да болды

Жәңгір хан университетіне Қытай Халық Республикасының Ақтөбе қаласындағы елшілігінің өкілдері келді. Шетелдік делегацияны университеттің басқарма төрағасы-ректордың орынбасары, оқу жұмыстары жөніндегі проректор Нұркен Губашев қабылдады.

Бас елші Го Юй мен оның әріптестеріне ыстық ықыласын жеткізген проректор Нұркен Маратұлы батысқазақстандық университеттің Қытай мемлекетімен, соның ішінде қытайлық университеттермен әріптестік байланыста екенін атап өтті. Өз кезегінде ҚХР-ның Ақтөбе қаласындағы елшілігінің бас елшісі Жәңгір хан университетін еліміздегі беделді әрі жетекші жоғары оқу орындарының бірі ретінде танитынын айтты.

– Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде халық-

аралық байланыстар жоғары деңгейде дамығанын да жақсы білеміз. Осы ретте Қытай еліндегі ауыл шаруашылығы саласы мамандарын даярлайтын Ганьсу университеті де сіздермен бірлесе жұмыс жасауға ниетті. Біз сондай халықаралық әріптестікке дәнекер болып, екі ел арасындағы байланысты нығайта түскіміз келеді, – деді бас елші.

Кездесу барысында БҚАТУ-дың халықаралық ынтымақтастық бөлімінің басшысы Замзагүл Сұлтанова университеттің бүгінгі тынысы, ғылыми әлеуеті, халықаралық байланыстары туралы айтып өтті. Соның ішінде Жәңгір хан университеті Қытайдағы Тарим университетімен, Солтүстік-батыс университетімен, Қытай мұнай университетімен және Бейжің орман шаруашылығы университетімен әріптестік байланыста екенін мәлімдеді. Бұдан әрі қос тарап алдағы уақытта ынтымақтастық орнату тетіктерін талқылады.



Халықаралық конференция өтті

Жәңгір хан университетінде өткен «Етті мал шаруашылығы: ғылым, технологиялар, тұрақты даму» тақырыбындағы XXVI халықаралық ғылыми-практикалық дәстүрлі конференция бұл жолы қазақтың ақбас ірі қара мал тұқымының қалыптасқанына 75 жыл толуымен орайластырылды.

Конференцияның пленарлық отырысына университеттің басқарма төрағасы-ректор Асқар Наметов, облыс әкімінің орынбасары Қалияр Айтмұхамбетов, ауыл шаруашылығы саласының өкілдері мен Қазақстан, Өзбекстан, Башқұртстан, Ресей ғалымдары қатысты.

Алдымен сөз алған университет ректоры Асқар Мырзахметұлы келген қонақтарға ризашылығын білдіріп, конференцияның маңыздылығына тоқталып өтті. Өңір басшысының орынбасары Қалияр Шадиарұлы Батыс Қазақстан облысы – түпкілікті зерттеулер мен етті мал шаруашылығының тиімділігін арттыруға бағытталған қолданбалы жұмыстар ұштасқан маңызды ғылыми-өндірістік аймақ



екенін жеткізді. Бұдан әрі ғалымдар сөз алып, ауыл шаруашылығына қатысты өзекті мәселелерді ортаға салып, тәжірибелерімен бөлісті.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің департамент директоры Бағлан Аймырзаев 2026-2035 жылдарға арналған мал шаруашылығын кешенді дамыту жоспарында етті бағыттағы ірі қара малдың алатын орнына тоқталса, Қазақтың ақбас

тұқымы республикалық палатасының директоры Бахтияр Өтелбаев аталған сиыр тұқымының қазіргі жай-күйі мен даму бағыттары туралы баяндады. Айтуынша, биыл ресми танылғанына 75 жыл болып жатқан қазақтың ақбас сиырының тұқымы біздің өңірімізде кеңінен дамыған. Бұлардан бөлек отандық және шетелдік ғалымдар етті ірі қара шаруашылығында генетикалық әлеуетті арттыру құралы

ретінде қолданылатын ДНК-технологиялары, ауыл шаруашылығы қалдықтарын жедел өңдеу арқылы органикалық тыңайтқыштарды мобильді өндіру, ірі қара малды қолдан ұрықтандыру сынды мәселелерге назар аударды.

Жәңгір хан университетінің ғылым жөніндегі проректоры Әлжан Шәмшідін мұндай іргелі жиындар халықаралық деңгейдегі ғылыми ынтымақтастықты бекіте түсетінін айтты.

– Қазақтың ақбас сиыр тұқымы шаруашылығын дамытуға біздің ғалымдар да үлкен үлес қосуда. Соңғы бес жылдағы жеткен жетістіктерімізге тоқталар болсақ, ақбас сиырдың жаңа оңтүстіктік типі және төрт аталық із шығарылды. 2021 жылы университетімізде генетикалық паспорттау жөніндегі ең алдыңғы қатарлы зертхана іске қосылды. Содан бастап ақбас сиыр тұқымын халықаралық деңгейде таныту жұмыстары жүргізілуде. Университет ғалымдары еліміздің өзге де облыстарындағы шаруашылықтармен тығыз байланыс орнатып, селекциялық жұмыстармен айналысып келеді, – деді Әлжан Смайылұлы.

Отыз жылдық белесі: Жерге орналастыру және кадастр



Жәңгір хан университетінде «Жерге орналастыру» және «Кадастр» білім беру бағдарламаларының құрылғанына 30 жыл толуына орай ғылыми-практикалық семинар ұйымдастырылды.

«Жер қатынастары және жерге орналастырудың тұрақты дамуы: 30 жылдық тәжірибе мен болашақ бағдар» атты шараға университеттің профессор-оқытушылар құрамы, жұмыс беруші компания өкілдері, бизнес серіктестер, түлектер қатысты. Шара барысында Жәңгір хан университетіндегі «Жерге орналастыру және кадастр» мамандықтарының құрылу тарихы туралы ақпарат берілді. Сонымен қатар «Жерге орналастырудың тұрақты даму қағидағдары және оларды іске асыру тәжірибесі», «Жерге орналастырудың қазіргі жағдайы және даму перспектива-

лары», «Жерге орналастыру жұмыстарын жетілдірудің инновациялық әдістері» тақырыбында баяндамалар оқылды.

Ғылыми-практикалық семинар соңында аталған білім беру бағдарламалары бойынша тараптардың өзара ынтымақтастығын арттыру мақсатында «Түлектер мен жұмыспен қамтушылар қауымдастығы» консорциумын құру туралы шешім қабылданды.

Жәңгір хан университетінде жерге орналастыру мамандарын даярлау 1996 жылы басталып, екі жылдан соң «Жерге орналастыру» кафедрасы құрылды. Жерге орналастыру мамандығы бойынша алғашқы университет түлектері 2001 жылы қолдарына дипломдарын алып, еңбекке араласты. 2005 жылдан бастап мамандық атауы «Жерге орналастыру және кадастр» деп өзгертілсе, 2006 жылы бұл мамандықтар екі бағытқа бөлінді. «Жерге орналастыру» және «Кадастр» мамандықтары отыз жыл ішінде заман талабына сай жаңғырып, жер қатынастары саласын кәсіби мамандармен толықтырды. Осы уақыт аралығында 600-ден астам маман мен 50-ден астам магистр даярланды. Қазіргі уақытта Жәңгір хан университетінде 200-ден астам білім алушы бакалавр және магистратура дәрежелері бойынша осы мамандықтарда оқып жатыр.

Учёные приняли участие в международном семинаре

Учёные университета Жангир хана приняли участие в международном семинаре World Classifiers Workshop 2026, организованном Всемирной федерацией голштино-фризской породы, который проходил в городе Будапешт (Венгрия) с 14 по 17 апреля. В мероприятии приняли участие представители более 40 стран.

От Казахстана в семинаре участвовали представители Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана, Научно-производственного центра животноводства и ветеринарии и Республиканской палаты молочных и комбинированных пород крупного рогатого скота «QazaqSut» в рамках ПЦФ МСХ РК BR22886157 «Управление, сохранение и рациональное использование генетических ресурсов крупного рогатого скота молочных пород путем селекционно-технологических и молекулярно-генетических методов». Программа семинара была посвящена вопросам оценки молочного скота и совершенствования селекционно-племенной работы.



В ходе рабочего визита казахстанская делегация провела встречу с Чрезвычайным и Полномочным Послом РК в Венгрии Абзалом Сапарбекулы. Стороны обсудили развитие молочного скотоводства, внедрение геномных технологий, импорт племенного скота и расширение международного сотрудничества.

По итогам встречи подтверждена взаимная заинтересованность в дальнейшем развитии партнерства и реализации совместных проектов.



Балық өнімдерінің санитарлық-гигиеналық қауіпсіздігі мен сапасын кешенді бағалау

Азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі жыл сайын өзекті бола түсуде. Өйткені азық-түлік шикізатының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, адамдардың денсаулығын бағалау генофондты сақтауда шешуші рөл атқарады.

Азық-түліктің жоғары сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету азық-түлік тәуелсіздігін сақтаудың маңызды шарты болып табылады және Қазақстан Республикасында дұрыс тамақтану саласындағы мемлекеттік саясаттың басым міндеті болып табылады. Қазіргі жағдайда адамның қоршаған орта әсеріне байланысты су объектілеріне әртүрлі уыттылық дәрежесіндегі ластаушы заттардың мөлшері түседі, олар суда тіршілік ететін тірі организмдерге теріс әсер етеді.

Мұндай факторларға ауыл шаруашылығында әртүрлі қорғаныс құралдарын кеңінен қолдану, өнеркәсіптік және коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындардың ағынды суларын жеткіліксіз тазарту, сондай-ақ кен өндіруші кәсіпорындардан қоршаған ортаға радиоизотоптардың шығарылуы



жатады.

Бұл процестер балық шаруашылығы үшін пайдаланылатын су объектілерінің су организмдеріне зиянды улы қосылыстармен ластануының артуына

әкеледі.

Сонымен қатар, паразиттік аурулар тағамдық балық өнімдерінің сапасының төмендеуіне әкеледі.

Ауру балықтардың гельминтологиялық зақымданулары көбііп клиникалық өзгеруі көп болса, оны адамдар мен жануарлар үшін жеуге жарамсыз етеді. Техногендік факторлардың қоршаған ортаға әсерінің артуына байланысты қоршаған ортада қорғасын, кадмий, селен, күшала, сынап және басқалары сияқты жоғары уыттылығы жоғары зиянды заттардың артық мөлшерімен байланысты ерекше өзгерістер пайда болады.

Келесі ластаушы заттар таралуы мен уыттылығы жағынан ең үлкен қауіп төндіреді олар: микроорганизмдердің токсиндері (соның ішінде саңырауқұлақтар), ауыр металдар, антибиотиктер, пестицидтер, нитраттар, нитриттер, нитрозаминдер, диоксиндер және диоксин тәрізді қосылыстар, полициклді хош иісті көмірсутектер, радионуклидтер жатады. Азық-түлікте бөгде заттардың немесе ластаушы заттардың болуының жағымсыз әсерлеріне адам тұтынушысының денсаулығына әсері және тағамның сапасы мен тағамдық

құндылығының төмендеуі жатады.

Адам қызметінің әсерінен су объектілеріне әртүрлі дәрежедегі уыттылығы бар әртүрлі ластаушы заттар түсуі мүмкін. Көптеген ластаушы заттардың ішінде ауыр металдар су организмдеріне үлкен қауіп төндіреді.

Өнеркәсіптік нысандардың, ауылшаруашылық жерлерінің, қалалық және ауылдық елді мекендердің қалдықтары мен ағынды сулары бар су объектілеріне түсетін ауыр металдар табиғи суларда ыдырамайтын, тек қосылыстар арасында қозғалу арқылы тіршілік ету формаларын өзгертетін тұрақты ластаушы заттарға жатады.

Организмдердің қажеттіліктерінен асатын металдардың артық мөлшері гидробионттардың функцияларының бұзылуына, олардың нормативтік 9 нормадан асатын ағзаларда жиналуына әкелуі мүмкін.

Біржан НҮРҒАЛИЕВ,
ветеринария ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
Рысбике АҚАТОВА
Докторант, «Ветеринария және агротехнология» институты

Диплом химика-технолога – старт в глобальную индустрию

В эпоху стремительного технологического развития именно химическая промышленность становится одной из ключевых опор экономики. Нефтегазовый сектор, производство материалов, экология, пищевая и фармацевтическая отрасли — все они нуждаются в квалифицированных специалистах, способных не просто понимать процессы, а эффективно управлять ими. Сегодня таким специалистом может стать выпускник Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана (ЗКАТУ) по направлению «Химическая технология».

ЗКАТУ уверенно сочетает классическое инженерное образование с современными требованиями производства. Уже с первых курсов студенты погружаются в профессию: изучают фундаментальные дисциплины — общую, аналитическую, органическую, физическую химию, осваивают основы химической технологии, работу с оборудованием и методами анализа. Но главное — учатся мыслить как инженеры: анализировать, оптимизировать и находить решения в реальных условиях.

Особое внимание в университете уделяется практике. Обучение не ограничивается аудиторией: студенты проходят стажировки на предприятиях, знакомятся с производственными процессами и получают опыт, который становится решающим преимуществом при трудоустройстве. Именно благодаря этому выпускники ЗКАТУ быстро адаптируются к рабочей среде и уверенно входят в профессию.

Сегодня химик-технолог — это специалист широкого профиля. Он востребован в нефтегазовой отрасли, переработке сырья, производстве строительных и полимерных материалов, пищевой промышленности, экологии и многих других направлениях. Выпускники образовательной программы успешно работают на ведущих предприятиях Казахстана, а также находят возможности для профессионального роста за рубежом. Среди них — такие крупные компании, как Тенгизшевройл (ТШО), Karachaganak Petroleum Operating (КПО) и Конденсат. Выпускники занимают востребованные позиции супервайзеров, инженеров-технологов, лаборантов и операторов тех-

нологических установок, демонстрируя высокий уровень подготовки и конкурентоспособность на рынке труда.

Современные вызовы — экологическая безопасность, ресурсосбережение, внедрение «зеленых» технологий — требуют новых подходов и нестандартных решений. Именно поэтому роль химика-технолога сегодня выходит на первый план. Это не просто профессия, а возможность влиять на будущее: создавать безопасные производства, повышать эффективность процессов и снижать нагрузку на окружающую среду.

ЗКАТУ постоянно развивается: обновляет материально-техническую базу, внедряет инновационные образовательные технологии, расширяет сотрудничество с предприятиями. Университет формирует среду, в которой студент становится не просто выпускником, а готовым специалистом, способным решать реальные производственные задачи.

Выбирая профессию химика-технолога и обучение в ЗКАТУ, абитуриенты делают осознанный выбор в пользу стабильности, востребованности и профессионального роста. Это путь к карьере, где знания превращаются в реальные достижения, а диплом становится не формальностью, а инструментом успеха.

Диплом химика-технолога ЗКАТУ — это не просто документ об образовании. Это уверенный старт, открывающий двери на успешные предприятия Казахстана и мира.

Алия УРАЗОВА,
старший преподаватель,
магистр ОП 6В07100-«Химическая инженерия и процессы»



«Волонтерлік жеке тұлға ретінде қалыптасуыма септігін тигізді»



Студент әрі волонтер

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің 4-курс студенті Балауса Илиясова «Орман ресурстары және орман шаруашылығы» білім беру бағдарламасында оқиды. Жоғары оқу орнының студенті атанғаннан бастап сабақтан тыс уақытында волонтерлік қызметпен айналысып келе жатқан бойжеткен осы кезге дейін көптеген іс-шараларға белсене атсалысып, шын

Бүгінгі қоғамда волонтерлік қозғалыстың маңызы күн санап артып келеді. Әсіресе, осындай игілікті іске жастар ерекше ықылас танытып, мейірімділік пен адамгершіліктің үлгісін көрсетіп жүргені қуантады. Біздің кейіпкеріміз Балауса Илиясова да – қоғамға өз пайдасын тигізіп жүрген сондай жастың бірі.

тер арта түскен студент ару әрбір жобадан тыс қалмауға тырысып жүреді. – Әрине, бұл сала туралы адамдардың түсінігі әртүрлі. Кейбіреулер волонтерлік жұмысқа салмақты қарап, қолдау білдіреді. Ал кей адамдар біздің бұл қадамдарымызды түсінбей, «не үшін?» деген сұрақтармен мазалайды. Бірақ өзіме бұл сала ұнайтындықтан, айналадағы адамдардың түрлі ой-пікірлеріне аса мән бермеймін. Жалпы волонтерлікпен айналыса жүріп, түрлі бағыттағы іс-шараларға өз үлесімді қостым. Мысалы, әлеуметтік бағытта балалар үйіне барып көмек көрсету, экологиялық бағытта сенбіліктерге қатысу, мәдени және қоғамдық бағытта концерттік бағдарламалар мен



жанашырлықпен еріктілердің ортасынан табылып жүр.

– Волонтерлер туралы мектепте оқып жүргенде еститінмін. Ал университетке оқуға түскен соң осында волонтер жастардың ұйымы бар екенін естіп, бірден солардың қатарына қосылдым. Осылайша бұл бағытқа деген қызығушылығым арта түсті. Волонтерлер немен айналысады, қандай шаралар ұйымдастырады деген оймен осы қозғалысқа белсене араласып кеттім, – деп әңгімесін бастады кейіпкеріміз. Айтуынша, бастапқыда университет ішіндегі түрлі іс-шараларға өз үлесін қосып, тәжірибе жинақтапты. Оның үстіне өзі де 1-курс студенті болғандықтан, оған бәрі қызықты болып көрінген. Оқу орнындағы жаңа орта, бейтаныс адамдар, түрлі іс-шаралар бірден ерекше әсер қалдырғанын да әңгімелейді.

Уақыт өте келе, университеттің ерікті жастары қалалық деңгейдегі волонтерлік шараларға араласа бастаған. Сол кезде Балауса осы бір игілікті бастаманың мәні мен мағынасын тереңірек сезіне түскен. Волонтерлік қозғалысқа деген көзқарасы кеңейіп, құлшынысы бұрынғыдан бе-

сән көрсетілімдеріне және спорттық шараларға атсалысу. Осындай түрлі іс-шаралар арқылы қоғамға пайдалы болуға тырыстым. Әрбір іс-шараның өзіндік қызықты сәттері болады. Әртүрлі адамдармен танысасың, түрлі ортада жұмыс істейсің. Соның өзі әрдайым ерекше әсер қалдырады. Әр барған ортадан ерекше эмоция алып, өзінді байыта түсесің. Сондықтан шығар, әрбір іс-шара немесе әр жоба менің есімде ерекше сақталып қалады, – деді Балауса Тарғынқызы.

Сәтті болған сапар

Бойжеткен адамдармен ортақ тіл табысу кейде қиындық туғызатынын жасырмады. Себебі бір ортада жұмыс жасайтын мінезі әртүрлі жандардың арасында келіспеушіліктер туындауы әбден мүмкін. Мұндай жағдайда еріктілер сабырлық танытып, бір-бірінің ой-пікіріне түсіністікпен қарау арқылы қиындықтарды еңсеруге тырысады.

Балауса волонтерлік салада жүрген төрт жылдың ішінде осы ортада жүріп өзіне тәжірибе жинақтады. Волонтер болу оның жеке тұлға ретінде қалыптасуына септігін тигізгенін мойындайды. Әсіресе,



адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауды, орынды сөйлей білуді, өзгелерді тыңдауды үйренді. Содан кейін, әрине, өз бетінше жаңа орта қалыптастырып, көшбасшылық қабілетін жетілдірді. Мұның өзі – кейіпкеріміз үшін үлкен мүмкіндік болғаны ақиқат. Соның нәтижесінде Балауса Тарғынқызы үшін биылғы жыл жақсы жаңалықпен басталды. Ерікті жасқа қаңтар айында Астана қаласында Мемлекет басшысының қатысуымен «Халықаралық еріктілер жылына» орай өткен жастар форумына қатысу бақыты бұйырды.

– Бұл сапар мен үшін үлкен тәжірибе алаңы әрі ерекше әсер қалдырған ауқымды шара болды. Форумда еліміздің Президенті еріктіліктің қоғам үшін қаншалықты маңызды екенін атап өтті. Сонымен қатар Қазақстанның әр аймағынан келген белсенді жастар, түрлі ұйым жетекшілері және халықаралық еріктілер өз тәжірибелерімен бөлісті. Медицина, экология, әлеуметтік көмек, тарихи-мәдени мұра бағытындағы волонтерлердің жұмыстары таныстырылды. Осы форумнан кейін волонтерлік қызмет маған жаңа қырынан көріне бастады, – деді қуанышымен бөліскен Б.Илиясова.

Еріктілік – тек біреуге көмектесу емес...

Балаусаның болашақ мамандығы орман шаруашылығымен байланысты.

кейіпкеріміз мамандығы бір ғана салаға бағытталғанымен, өзі жан-жақты адам болуға ниетті екенін жеткізді. Қазіргі таңда студент болса да, өзінің болашақ мамандығынан басқа да жұмыстарға шақырту алып үлгерген Балауса мұның өзі – үлкен жетістік екенін мақтанышпен айта кетті.

– Еріктілік – тек біреуге көмектесумен шектелмейді. Бұл – өзінді дамыту, тәжірибе жинау, жаңа адамдармен танысу, жаңа ортаға кіру және көшбасшылық қабілетті арттыру мүмкіндігі. Кейде тіпті өмірлік бағытынды табуға да септігін тигізеді. Сондықтан студенттерге белсенді болуға, мүмкіндіктерден қашпауға және қоғамға пайдалы істерге араласуға кеңес беремін. Себебі ерікті болу – игі іс жасап, жақсылық тарату деген сөз. Бүгінгі таңда волонтерлік қозғалыс өте жақсы дамып келе жатыр деп есептеймін. «Мен қатысамын», «мен көмектесемін», «менің қолымнан келеді» деп белсенділік танытатын жастар көп. Сонымен қатар мемлекет тарапынан да волонтерлік қызметті дамытуға жақсы мүмкіндіктер жасалып жатыр, – деді волонтер Балауса Тарғынқызы.

Бүгінде кейіпкеріміз волонтерлік ұйымдағы жетекшілік міндетін жас буынға тапсырғанымен, өзі бұл саладан толықтай алыстаған жоқ. Әлі күнге түрлі қоғамдық іс-шаралардың ортасынан та-



Осы орайда мұндай мамандық иесіне волонтерліктің қандай пайдасы бар деген сауалымызды іркіп қала алмадық. Бірақ

былып, өзінің мүмкіндіктерін кеңейту үстінде.

Ләззат ҚАЖЫМОВА

Меншік иесі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті.
Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

БҚАТУ
баспасөз хатшысы
Ләззат ҚАЖЫМОВА

Компьютерде
беттеуші
және дизайнер
Қайрат ИСИМОВ

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың баспасөз қызметінде теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында басылады.

Газет электронды түрде университеттің интернет ресурстарында таратылады. Тапсырыс: № 598
Қолжазба авторға қайтарылмайды. Мақаладағы деректердің нақтылығына автор жауапты.

Баспасөз қызметінің мекенжайы:
090009, Орал қаласы,
Жәңгір хан көшесі, 51.
Бас ғимарат 231-бөлме
1-42
info_zkatu@mail.ru